

Хаттама № 4

Шымкент қ.

«01-16» қараша 2023ж

Шымкент қалалық медициналық жедел жәрдем көрсету стансасы заңгерінің жоспары бойынша «Сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі қағидалары мен Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау» 2023 жылдың 01 қараша және 16 қараша күндері аралығында ШҚМЖЖКС-ның мәжіліс залында әкімшілік шаруашылық қызметкерлердің арасында түсіндіру мен лекция оқылды, қатысқан қызметкерлер саны 170

Күн тәртібіндегі тақырыбтар ;

- 1) Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларын**
- 2) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау.**

Комплаенс-офицер С Нарымбаев- Сыбайлас жемқорлық - қызметтік өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдардар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сиякты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу.

1. Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларына келесі жатады:

1. Баршаның заң және сот алдында теңдігі.
2. Мемлекеттік органдар қызметінің нақты құқықтық тәртібін, зандылығын және осындай қызметтің жариялышын, оған мемлекеттік және қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету.
3. Жеке және занды тұлғалардың құқығы мен занды мүдделеріне қатысы бар сұрақтарды шешу процедурасын және кадр жұмысын, мемлекеттік аппарат құрылымын жетілдіру.

Мемлекеттік бағдарламамен мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің өзара іс-әрекетінің нақты құқықтық тәртіптеу формалары мен механизмдерін жүзеге асыру, сондай-ақ сот шешімдерін қабылдаудың мөлдірлігін және олардың дер кезінде орындалуына ықпал жасау қарастырылған.

Занға сәйкес аталған қағидалар:

- мемлекеттік функцияларды орындауға өкілетті;
- лауазымды, сондай-ақ олардың қатарына жататын басқа адамдардың құқықтарын және еркіндігін ҚР Конституциясының 39 бабы 1 тармағына сәйкес шектеу;

-жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыйбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықтың зиянды салдарын жою және алдын алу:

-сыйбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықпен күреске ықпал жасайтын азаматтардың жеке қауіпсіздігін;

-кәсіпкерлік қызметке бақылау жасайтын жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік реттеу өкілеттігін беруді болдырмау.

Сыйбайлас-жемқорлық бірталай экономикалық заңдардың іс-әрекетін төмендетеді және әлемдік қауымдастық алдында елдің беделін түсіреді, оған тиімді шетел инвестиция жолында басты кедергі болып табылады. Адал және әлеуметтік бағытталған бизнес нарықтан ысырылады, себебі сыйбайлас-жемқорлық мұндай бизнесті тиімсіз етеді.

Сыйбайлас-жемқорлық экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдастырылған қылмыстың, әсіреле экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды.

2. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау

1. Дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие адам бұл туралы жоғары тұрған басшыға және (немесе) мемлекеттік органның не өзі жұмыскері болып табылатын ұйымның басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабар береді.

2. Жоғары тұрған басшы, мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы, уәкілетті мемлекеттік органдар сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы келіп түсken хабар бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қабылдауға міндетті.

3. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы Заңға сәйкес мемлекеттің қорғауында болады және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көтермеленеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болатын адамдарға қолданылмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің көтермелеген бөлігіндегі ережелері:

1) жедел-іздестіру немесе қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органмен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпия негізде ынтымақтасатын адамға;

2) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, оның жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге жәрдем көрсеткен, ол бойынша

орындаушы немесе сыйбайлас қатысушы болып табылған адамға қолданылмайды.

3-1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесу:

1) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;

2) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;

3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, оның жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру үшін маңызы бар (кейіннен болған) өзге де жәрдемдесуді қамтиды.

4. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлау немесе сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беру немесе сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, оның жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру үшін маңызы бар (кейіннен болған) өзге де жәрдем көрсету мақсатында адамның өзі жұмыскері болып табылатын (болған) мемлекеттік органның не ұйымның жоғары тұрған басшысына және (немесе) басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жүргінуі туралы ақпарат көрсетілген ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасалған жағдайда құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі.

Осы оқылған лекцияға сай паракорлықпен бүкіл қоғам болып күресейік, оны ұжым ішінде болдырмауға тырысайык.

Сонымен қатар тындаушылар арасында қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Комплаенс-офицер



Нарымбаев С.К.